

Ата-аналар жиналысының хаттамалары, баяндамалары

Шымкент

Шымкент қаласының білім басқармасының №53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ХАТТАМА

2021 жылғы 20 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 1

Төрайым – А.У.Калибекова
Хатшы – Г.Ж.Жантаева
Катысқандар – 79 адам.
Катыспағаны-4

Күн тәртібінде :

1. Бақша мен жанұяның баланы мектепке даярлаудағы бірлескен жұмысы.
2. 2020 -2021 оқу жылындағы ата-аналардың атқарылған жұмыстары туралы есебі.
3. Жаңа оқу жылына ата – аналар комитетін құру және сайлау.
4. Эртүрлі мәселелер

Тындалды:

I-ші мәселе бойынша бақша басшысы А.У.Калибекова сөз алғып, балалар біздің болашағымыз. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты баланың жеке басының қалыптасуы болып отыр. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру мынадай негізгі педагогикалық ұстанымдарга сүйенеді.

- Мәдени сәйкестілік ұстанымы
- Тәрбиелей отырып оқыту.
- Жүйелілік
- Қызметтік қатынас ұстанымы
- Креативтілік ұстанымы

М.д ересек жастагы баланы тәрбиелеу мен дамытудың корытынды нәтижесі үлкендер мен және құрдастарымен қалыпты қарым-қатынаста бола алатын, негізгі құзіреттілікті және дene тәрбиес, салауатты өмір салты негіздерін менгерген мектепке окуға дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан бақша мен ата-аналар біріге отырып, балалардың ақыл-ой даму деңгейін осы бағытпен және деңсаулығын, дұрыс тамактануын қадағалауымыз қажет екендігін айтты.

Сөз алды:

Ата-аналар бір ауыздан бақшамен біріге жұмыс жасайтындықтарын айтты
өтті.

II –ші мәселе бойынша 2020-2021 оку жылындағы ата-аналардың атқарылған жұмыстары жайлы ата-аналар Байбулатова Элвира, Морозова Лейля, Садыкова Айнурларға айтып отуін ұсынды.

Ата-аналар бакшамен тығыз байланыста бола отырып, бақшадағы түрлі іс-шараларға мерекелерге белсене катысып, бақша жұмысы бойынша берілген тапсырмаларды біріге отырып орындағандығын айттып отті. Ата-аналардың жасаган жұмыстарына бақша басшысы А.У.Калибекова ата-аналар тәрбиешілер ризашылықтарын білдірді.

III –ші мәселе бойынша бақша басшысы ата-аналар комитетінің құрамын сайлауды ұсынды. Ата-аналарды біріге жұмыс жасауға шақырды.

Араларыңыздан өз еркімен болғысы келген ата-аналар ұсыныс жасаныздар деді.

Жарыссөзге шыққан мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Ермекұлы Алинурдың әжесі Жібек апай отken оку жылында бақшада жұмыстар жақсы жүргізілгендігін ата-аналардың болуын қалайтындығын айтты. Барлық ата-аналар осы кісінің сөзін қолдады. Ата-аналар мына ата-аналарды бірауыздан сайлайды.

1. Искакова Галия
2. Байдуллаева Эльвира
3. Кадырбаева Элмира

IV- ші мәселе бойынша бақша басшысы А.У.Калибекова сөз алғып, ата-аналарға балалардың жыл мезгілдеріне байланысты киіндіріп жіберулерін және де бақша өміріне белсене ат салысып катысуларын отінді.

Сөз алды:

Ата-аналар бақшаның күн тәртібі, оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарына көнілдері толатындықтарын айтты.

Қаулы:

1. Бақша мен жанұяның тығыз бірлескен жұмысы одан әрі жалғастырылсын.
2. Атқарылған жұмыстарға канагаттанарлық деген баға берілсін.
3. Жаңа оку жылында белгіленген осы ата-аналар сайлансын.



Төрайым:  А.У.Калибекова

Хатшы:  Г.Ж.Жантаева

№53 «Ер-Асыл» бебекжай-бақшасы МҚҚК

**Бақша мен жанұяның баланы мектепке
даярлаудағы бірлескен жұмысы**

Менгеруші: А.У.Калибекова

Шымкент



Баланың мен жаңуяның баланы мектепке даярлаудың бірлескен жұмысы

Адамзаттың мындаған жылдық тарихында жас үрпакты тәрбиелеудің екі тармағы қалыптасты: отбасылық және қогамдық. Бұл тармактардың оркайсысының өз алдына тәрбие жөніндегі бір әлеуметтік институт бола турын. бала тұлғасын қалыптастыруды ерекше мүмкіншіліктері бар.

Ерте уақыттан бері тұлғаның қалыптасуындағы бастысы: отбасы немесе қогамдық тәрбие (балабақша, мектеп) деген талас пікірлер бар. Кейбір ұлы педагогтар отбасының пайдасына ыңғайланады, басқалары басымдыкты қогамдық мекемелерге береді. Мысалы, Я. А. Коменский анасының колы мен аузынан білім жинағын ана мектебі деп атады. Ана сабактары – оқу кестесіндегі үзіліссіз, демалыссыз және каникулсыз. Баланың өмірі негұрлым жан-жақты және мағыналы болған сайын, солғұрлым ана қамқорлығының аясы кени түседі.

Заманауи ғылым бала тұлғасын дамыту үшін шығынсыз отбасы тәрбиесінен бас тарту мүмкін емес екендігін қуәландыратын көптеген деректерді біледі, себебі оның күші мен ықпалдылығы ешқандай, тіпті балабақша мен мектептегі өте жоғары деңгейде деген тәрбиемен салыстыруға келмейді.

Мектеп – баланың және отбасының өміріндегі жаңа саты. Бала да, ата-ана да жаңа статус алады. Баланың мектепте жақсы оқуы көбінесе, оның қаншалықты дайындалғандығына байланысты. Көшілік жағдайда мектепке дайындық дегенді баланың жазуды, окуды, санауды үйрену деп түсінеді. Бала әріптерді буынмен қойып, сөз құрастырса ата-ана оған өте риза болады. ал мектепте оқуға дайындық деген – ол мүлдем басқа екендігін ойламайды. Мектепке дайын болуды қалыптастыру мамандардың да, балалардың ата-аналарының да қатты назар аударуын қажет ететін кешенді проблема..

Баланы мектепке дайындау – педагогиканың, заманауи білім берудің аса бір маңызды және өзекті проблемаларының бірі. Балаларды тәрбиелеу, өмірін алғашқы күнінен бастап бала тұлғасын қалыптастыру – ата-ананың негізгі міндеті. Отбасы балаға ықпал етеді, өмірге араластырады. Баланың басты тәрбиешілері - ата-аналары. Мектепке дейінгі жастағы бала үшін жаңу – оның өмірін қогамдық ортамен байланыстыратын бірінші және негізгі буын және бұл өте маңызды. Заманауи отбасы әлеуметтік органдардың ықпалымен емес, тек қана өзінің ішкі өмірімен өмір сүруі мүмкін емес.

Баланың мектепке дайын болуының ең онтайлы нұсқасы отбасы мен мектепке дейінгі мекеменің өзара тығыз әрекеті, баланы мектепке дайындаудың барлық аспектілері бойынша серіктестігі болып саналады. Тәрбиеші өз жұмысында отбасы көмегіне, ал ата-аналар – өз жұмысын жалпы нәтижеге – баланы мектепке дұрыс және толық дайындауға жету үшін балабақша жұмысымен келісіп жүргізуі тиіс, өйткені бұл тек ата-ана мен

балабақша жұмысының бірлігі мен серіктестігі жағдайында ғана мүмкін болады.

Баланы мектепке дайындауда ата-ананың рөлі зор: жанұяның ересек мүшелері ата-ананың да, тәрбиешінің де және мұғалімнің де функцияларын атқарадымайды. Балабақшасында болмаған балалардың мектепке дайындық деңгейі балабақшага барған балалардікінен төмен болады. «Үй» балаларының ата-аналарының мектепке дейінгі мекемеге барған, балабақшада мектепте сабактарда арнайы дайындалған балалардың ата-аналарына қараганда әрқашан мамандармен кеңесуге мүмкіндігі бола бермейді де, оку-тәрбие процесін өзінше құрады. Дайындау кезінде олар басты назарды арнайы дайындықты қалыптастыру жағына (оки білу, жаға білу және т.с.с.) аударады да, ал езінділік, тиянақтылық, жауапкершілік, жинакылық сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге аса бір үлкен маңыз бермейді. Ойлау, адамгершілік, еріктік, эстетикалық және дene даму дайындығын қалыптастыруға аз көніл аударылады. Балалардың мотивациялық, оку білігі мен қасиеттерінің қалыптасуында қайшылықтар байқалады. Дегенмен барлық ата-аналар балаларды мектепке дайындау проблемасына кездеседі, бірақ бәрі бірдей оны шеше алмайды.

Баланың қыыншылықтарды жеңе білуін қалыптастыру. Баланы бастаған ісін міндетті түрде аяқтауға үйрету қажет. Қөптеген ата-аналар баланың оқуға қаншалықты құлықты екенін түсінеді, сондықтан оған мектеп туралы, мұғалім мен мектепте алатын білім туралы айтып береді. Осының бәрі мектеп туралы жағымды көзкарас тұғызады. Ары қарай баланы оқудың онай емес екендігі жөнінде дайындық жүргізеді. Бұл қыындықтарды женуге болатындығын түсіну баланың сәтсіздіктерді дұрыс түсінуіне себеп болады.

Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке дайындауда эмоционалдықеріктік сфераны байыту, сезімді тәрбиелеу, жаңа жағдайға бейімделе білуі ерекше орын алады. Өзіндік сананың өсуі өзін-өзі бағалауда айқын көрінеді, яғни бала өзінің жетістіктерін басқалардың бағалауына қарай отырып, өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін қалай бағалайтындығын көрсетеді. Бұл мектепке психологиялық дайын болу көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Өзін-өзі дұрыс бағалаудың негізінде соған сәйкес мадақтау және ескертулер жасау көзкарасы қалыптасады.

Таным қызыгуышылығын қалыптастыру, іс-әрекетті және эмоционалдық-еріктік сфераны байыту – мектеп жасына дейінгі балалардың белгілі бір білімді, білікті, дагдыларды жақсы менгеруінің алғышарттары болып табылады. Өз кезегінде, қабылдауды, ойлауды, есті дамыту баланың білім алу тәсілін қалай менгергендігіне, оның қызыгуышылығының бағытталғандығына, жүріс-тұрысының еркіндігіне байланысты.

Баланы мектепке дайындағанда ата-аналар оны салыстыруға, қорытынды жасауға және жалпылауға үйретеді. Ол үшін бала оқып берген кітапты, үлкендердің әңгімесін мұқият тындауға, өз ойын дұрыс және жүйелі айтып беруге, сойлемді сауатты құруға үйренуі тиіс. Оқығаннан кейін баланың қалай түсінгендігін анықтау керек. Бұл оқығаның талдауға, баланы адамгершілікке тәрбиелеуге, сонымен бірге кисынды жүйелі сөйлеуге үйретеді, сөздік корында жаңа сөздер болуын қамтамасыз етеді. Балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды ата-аналардың өнегесінің маңызы үлкен. Ата-аналардың күшімен және олардың көмегінің нәтижесінде бала дұрыс сөйлеуге үйренеді, яғни ол мектепте окуға, жазуға дайын.

Отбасында ойын әрекеттерін дамыту мен жетілдіруге ықпал ету қажет. Баланың ойлауы мен сөйлеуінің дамуы көбінесе ойынның даму деңгейіне байланысты. Ойында орын басу процесі дамиды, бала онымен мектепте математиканы, тілді оқығанда кездеседі. Бала ойнай жүріп өз әрекеттерін жоспарлауға үйренеді, бұл келешекте оку іс-әрекетін жоспарлауға көмектеседі.

Анықталған функцияларға сәйкес жанұяда мектеп жасына дейінгі ересек балаларды мектепке дайындау процесін үйымдастыру проблемасын шешу үшін ата-аналар үшін мынадай педагогикалық ұсыныстар жасауға болады. балалар біздің болашағымыз . Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың гана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты баланың жеке басының қалыптасуы болып отыр. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды үйымдастыру мынадай негізгі педагогикалық ұстанымдарға сүйенеді.

- Мәдени сәйкестілік ұстанымы
- Тәрбиелей отырып оқыту.
- Жүйелілік
- Кызметтік қатынас ұстанымы
- Креативтілік ұстанымы

М.д ересек жастагы баланы тәрбиелеу мен дамытудың корытынды нәтижесі үлкендер мен және құрдастарымен қалыпты қарым-қатынаста бола алатын, негізгі құзіреттілікті және дene тәрбиес, салауатты өмір салты негіздерін менгерген мектепке окуға дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан бақша мен ата-аналар біріге отырып, балалардың ақыл-ой даму деңгейін осы бағытпен және деңсаулығын, дұрыс тамақтануын қадағалауымыз қажет.

**Шымкент қаласының білім басқармасының №53 «Ер-Асыл»
бобекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

ХАТТАМА

2022 жылғы 15 сәуір
Шымкент қаласы

№2

Төрайымы – А.У.Калибекова
Хатшы – Г.Ж.Жантаева

Қатысқандар – 81 ата-ана

Күн тәртібінде :

1. Тәрбие отбасынан басталады. (Баяндама)
2. Баланы ата-ана тәрбиелейді, ата-ананы кім тәрбиелейді.
3. Баланың мектепке дайындығы
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.

Тындалды:

Бобекжай-бакша менгерушісі А.У.Калибекова сөз алғып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

I-ші мәселе бойынша баяндамасын оқыды.

Адамға ен бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі..."(Әл – Фараби) - дегендегі балаға әуелі білімнен бұрын, тәрбие берілуітиіс.

Балаға анықтама беретін болсақ

Бала - жан - жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жеке тұлға олай болса, балаға тәрбие берушілер

Бала:

Жанұя, ата – ана

Балабакша ата-анаға ықпал етуші, көмекші болып табылады. «Еліміздің болашақта ғұлденуі бүгіннен басталады» отбасының беріктігі, жұбайлардың бір - біріне, ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігі де көп нәрсеге байланысты. Ата - аналар балаларына, ал балалары ата - аналарына камкор болуға тиісті деп атап өткен.

КР - ның Конституциясы да «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата - ананың құқығы әрі парызы деп көрсетілген».

Мемлекеттің беріктігі тек ел билеуші қайраткерлерге әділ занға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайтын деп баяндамасын аяқтады.

Сөз алды:

Ата-аналар тәрбиені отбасынан бастап, болашақ үрпакты жан-жақты дамыған етіп тәрбиелеуге ат салысып жатқандарын, өз отбасындағы тәрбиелері жайында айтып отті.

II-Екінші мәселе бойынша бақшаның педагог-психологи Н.Жуманова ата-аналарға сұрап жауаптар ала отырып, тренинг жүргізді.

Тыңдалды

III- Ушінші мәселе бойынша бақша басшысы А.У.Калибекова балалардың мектепке баратын дайындығы туралы айтып өтті.. Бұл балалар үлкендерді сыйлауды, өз қатарлы балалармен жақсы қарым-қатынас жасауды менгергендері, стандартка сай білім алып, менгергендері туралы тоқталып, айтып өтті. Менгеруші А. Калибекова жыл бойындағы балабакша жетістіктеріне, балабакша іс-шараларына белсене қатысқандарын айтып өтті.

Сөз алды:

Даярлық «Жауқазын», «Қызгалда» топ тәрбиешілері Зиябекова мен Сабанбаева сөз алып, мектепке баратын балалардың білімдері жақсы сауат ашу, математика негіздері және басқа да ұйымдастырылған оку қызметтері бойынша толық қамти алатындарын айтты.

Әдіскер осы бақшадын мектепке баратын балалардың алдын ала тексеру тестін алып жақсы нәтиже көрсеткендігін жыл аяғында қорытынды тағы бір тест алатындығын айтты. Ата-аналар Марат, Аскар, Қасымов, Искаковалар жылда осы бақшадан шықкан балалардың білім көрсеткіштері жақсы болатындығын айтты.

IV-Ушінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша менгерушісі А.У.Калибекова сөз алып, жазға сауықтыру және қауіпсіз ережелері бойынша май айының соңында бүйрек шығарылатындығын әр қызметкерге өз жұмыстары жайында іс-жоспар бекітіліп, сол бойынша жұмыс жүргізілетіндігі жайында толық айтып өтті.

Қаулы етілді:

1. Басшының «Тәрбие отбасынан басталады» атты баяндамасы қанағаттанарлық.
2. Ата-аналар үнемі балаларды тәрбиелеу ісінде аянбай еңбек етсін бақша сол жұмысты жалғастырысЫН.
3. Балалардың мектепке дайындығы қанағаттанарлық
4. Жазғы демалыстар ойын сауықтар қауіпсіздік ережелері сақталсын.

Төрайымы:

А.У.Калибекова

Хатшы:

Г.Ж.Жантаев



№53 «Ер-Асыл» бебекжай-бақшасы МКҚК

Баяндама

Тәрбие отбасынан басталады

Менгеруші: А.У.Калибекова

Шымкент



Тәрбие отбасынан басталады (баяндама)

".... Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі..."(Әл – Фараби) - дегендегі балаға әуелі білімнен бұрын, тәрбие берілуі тиіс.

Балағаанықтамаберетінболсак

Бала - жан - жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жеке тұлға олай болса, балаға тәрбие берушілер

Бала:

Жанұя, ата - ана

Осының ішінде бүгін ата - ана, жанұя тәрбиесіне тоқталып өтсек.

«Адамның бір қызығы бала деген» Абай айтқандай, бала адамның да өмірдің де қызығы. Ата - ана - тәрбие өнегесі, сондыктан, мынадай казак мақал мәтелдері ертеден жатталып, айтылып келеді.

«Ата көрген - оқ жонар,

Ана көрген - тон пішер,

Баланың үяты - әкеге,

Қыздың үяты - шешеге»

Баласының келешегін ойлаган ата - ана өз мекенін ауыстыруға дейін барып жатады.

«Ұлын жақсы болсын десен, ұлы жақсымен көрші бол, қызың жақсы болсын десен, қызы жақсымен көрші бол» деген өнегелі сөз де содан шықса керек.

Бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда «Алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата - анаға, сіз баланыңдың 1, 5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іштеп тәрбиелеу керек» деген еврей халқының мысалын келтіріп жатамыз.

Бала тәрбиесі - қыын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып есіп, өз катарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш - жігер қажет екенін бәріміз білсек те, мойнымыз жар беріп, бала тәрбиесімен айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте, «сен маган тартпағансың, мынаны олай істемедін, ананы бұлай істемедін, ештенеге қырсызысың» деп кінәлап жатамыз.

Еліміздің көркейіп, өркениетті елдің катарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүтінгі үрпак бейнесімен көрінеді.

Шығыс ғұламасының бірі болып саналатын Жұсіп Баласағұнның

дастандарында отбасы тәрбиесі көп айтылады.

Мемлекеттің беріктігі тек ел билеуші қайраткерлерге әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайтынды.

Оның ойынша: отбасы беріктігі және өнегелі отбасында ғана өнегелі ұрпак тәрбиеленеді.

«Еліміздің болашакта гүлденуі бүгіннен басталады» отбасының беріктігі, жұбайлардың бір - біріне, ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігі де көп нәрсеге байланысты. Ата - аналар балаларына, ал балалары ата - аналарына камқор болуға тиісті деп атап өткен.

КР - ның Конституциясы да «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата - ананың құқығы әрі парызы деп көрсетілген».